**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 387 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 231 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Туризм жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 44-45, 534-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыптағы және мәтіндегі "үйлестіру кеңесін", "үйлестіру кеңесі" деген сөздер "кеңес" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға қосымшада:

тақырыптағы және мәтіндегі "Үйлестіру кеңесінің" деген сөздер "Кеңестің" деген сөзбен ауыстырылсын;

Туризм жөніндегі кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Кәрменова - "Астана қаласының туризм орталығы"
Альмира Нұрқасқызы еншілес мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының директоры
Лавриненко - Қазақстан Республикасының Көлік
Юрий Иванович және коммуникациялар бірінші
вице-министрі

мына жолдар:

"Никитинский - Қазақстан Республикасының Туризм
Евгений Сергеевич және спорт жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары, төрағаның
орынбасары
Зәкириянов - Қазақстан Республикасының Туризм
Қайрат Хайроллаұлы және спорт академиясының ректоры

(келісім бойынша)
Шамсутдинова - "Қазақстан тұтынушыларының
Светлана Юрьевна ұлттық лигасы" республикалық
қорының президенті
Коржова - Қазақстан Республикасының Қаржы
Наталья Артемовна вице-министрі"
мынадай редакцияда жазылсын:
"Никитинский - Қазақстан Республикасының Туризм
Евгений Сергеевич және спорт жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары
Зәкiриянов - Қазақстан Республикасының Туризм
Қайрат Хайроллаұлы және спорт академиясының ректоры,
Спорттық туризм және туристік
көпсайыс республикалық
федерациясының президенті
(келісім бойынша)
Савченко - "Қазақстан тұтынушыларының
Светлана Юрьевна ұлттық лигасы" республикалық
қорының президенті
(келісім бойынша)
Коржова - Қазақстан Республикасының
Наталья Артемовна Экономика және бюджеттік жоспарлау
бірінші вице-министрі";

көрсетілген Кеңестің құрамынан: Жидебай Құдайбергенұлы Көпенов, Асқар Алтынбекұлы Құлыбаев, Мұрат Арзаұлы Мұртазаев, Өмірбай Көпбайұлы Мұсаев, Нұрлан Құсайынұлы Рахметов, Анатолий Александрович Белоног, Нұрлан Әбділдаұлы Ысқақов, Владимир Викторович Шнейдмюллер шығарылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Туризм жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

тақырыптағы және мәтіндегі "үйлестіру кеңесі" деген сөздер "кеңес" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-бөлімде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Туризм жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабын іске асыру мақсатында құрылды";

4-тармақтағы "Туризм туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Туризм жөніндегі кеңестің он бес мүшесі болады, оның жетеуі уәкілетті орган мен өзге де мемлекеттік органдардан, сегіз мүшесі қауымдастықтар мен өзге де туристік ұйымдардың бірлестіктерінен өкілдік етеді";

2-бөлімде:

тақырыптағы "міндеттері" деген сөзден кейін "функциялары" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Кеңестің функциялары мынадай мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлеу болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында туризмді дамыту 2) экономиканың осы салаларына инвестициялар тарту;

3) Қазақстан Республикасына келудің қолайлы режимін қамтамасыз ету және туристердің шет елдерге шығуы үшін жағдайлар жасау;

4) республиканың туристік беделін қалыптастыру;

5) туристік қызмет саласында мамандар даярлау;

7-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1)тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) туристік қызметтерді тұтынушыларды қызметтер көрсетудің сапасы туралы ақпараттандыру мақсатында оларға бекітілген тәртіп бойынша туристік ұйымдардың рейтингін жүргізеді";

9-тармақтағы "орынбасарларының бірі" деген "орынбасары" деген сөзбен ауыстырылсын;

10-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК